

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1260

"Стандарттардың немесе олардың адамдардың өмірі, денсаулығы, азаматтардың мүлкі және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігіне міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі N 1112 Р971112_ қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

М ы н а л а р д ы ң :

"Стандарттау және сертификаттау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1259 Р951259_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 377-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің стандарттау және сертификаттау мәселелері жөніндегі шешіміне енгізілетін өзгертулердің 2-тармағының:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 529 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 18, 156-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі